

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен экономикалық факультеттің 20-жылдығына орай ұйымдастырылған
«Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
7 сәуір 2016ж.

СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
«Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма»,
посвященной 20-летию Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева и экономического факультета
7 апреля 2016г.

PROCEEDINGS
of the international scientific-practical conference
“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”
dedicated to the 20-th anniversary of the L.N. Gumilyov Eurasian National University and the Economic Faculty
7 April, 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

Қ 41

Редакционная коллегия:

Декан экономического факультета, д.э.н., профессор Макыш С.Б.,

Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.

Профессор кафедры «Туризм», д.э.н. Сыздыкбаева Б.У.

Заведующий кафедрой «Туризм», к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.

Заведующий кафедрой «Менеджмент», д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.

Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ», к.э.н., доцент Алибекова Б.А.

Заведующий кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор Садвокасова К.Ж.

Заведующий кафедрой «Экономика», к.э.н., асс. профессор Рахметулина Ж.Б.

Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование», к.э.н., доцент Бабланов Т.К.

Қ41 Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер: Халық. ғыл.-тәжіриб. конф. еңбектер жинағы _ **Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма:** Сб. материалов межд. науч.-практ. конф. _ Proceedings of the international scientific-practical conference **“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 _ Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016 _ Astana, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978 – 601 -301 – 677 - 1

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбек жинағында қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма.

Economic issues in the fields of finance, accounting, management and tourism are covered in the international scientific-practical conference collection of materials.

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

ISBN 978 – 601 -301 – 677 – 1

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016

Выгоды внедрения Сбалансированной Системы Показателей (ССП) на предприятии:

- Предоставляет руководству предприятия полную картину бизнеса.
- Позволяет упредить возникновение критических ситуаций.
- Методология СПП облегчает взаимодействие на всех организационных уровнях и дает понимание всеми участниками стратегии и стратегических целей.
- Обеспечивает стратегическую обратную связь и обучение.
- Помогает преобразовать огромный объём данных, получаемых из множества информационных систем предприятия в информацию, доступную для понимания.

Литература

1 Каплан Роберт С., Нортон Дейвид П. Сбалансированная система показателей. От стратегии к действию: Пер. с англ. - М.: ЗАО «Олимп-Бизнес», 2004.

2 Ляндау Ю.В., Пономарев М.А. Разработка стратегий коммерческих организацией с помощью стратегических карт в инструментальной среде ARIS // Менеджмент сегодня. – 2010. – № 2(56). – С. 66-72.

4 Внедрение сбалансированной системы показателей // Horvath & Partners; пер. с нем. – 3-е изд. –М.: Альпина Бизнес Букс, 2008. – 478 с.

ҚР ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯЛАР ҚЫЗМЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ

Сейсинбинова А.А., Кенжебалина Н.С.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Республика Казахстан
E-mail: almira.askarbek@yandex.ru

Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының алдында тұрған басты міндеті әлеуметтік-экономикалық дамудың стратегиялық бағыттарын анықтау болып табылады. Қазақстанда қалыптасқан ірі шаруашылық кешендері, оның ішіндегі ұлттық компаниялар, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады, сондықтан, олардың тиімді қызмет етуі экономикалық дамудың ұзақ мерзімді жоспарларында ерекше орынға ие болуы қажет. Қазақстанның «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ сынды ұлттық компаниялары тек ел экономикасын тұрақтандырып қана қоймай, сонымен қатар өз саласында әлемдік алдыңғы қатарлы компаниялардың бірі атануы мүмкін.

Ұлттық компания – Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының шешімімен құрылған, акцияларының бақылау пакеті мемлекетке, ұлттық басқарушы холдингке немесе ұлттық холдингке тиесілі және қызметін ұлттық экономиканың негізін құрайтын салаларда жүзеге асыратын немесе өңірлердің экономикасын дамытуға жәрдемдесу үшін құрылатын (әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар) акционерлік қоғам [1].

Қазақстанда бүгінгі таңда 3 ұлттық басқарушы холдингтер (АҚ «Самрұқ-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры», АҚ «Қазагро» ұлттық басқарушы холдингі», АҚ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі») және 32 ұлттық компания бар [2].

Қазақстан экономикасының бүгінгі таңдағы дамуының басты міндеттерінің бірі ұлттық компаниялардың қызметін жетілдіру болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы бастапқы кезеңдегі мемлекеттенсіздіру мен жекешелендіру процесстері тұтынушы нарығын шетелдік өндірушілердің тауарларымен тез арада байытып, экономиканың жеке секторына оң әсерін тигізгенімен, құрылымыдық диспропорциялар, халықтың өсу дифференциясына мен әлеуметтік саладағы шиеленіске әкелді. Сонымен қатар, кәсіпкерлердің жеке қызығушылықтары ірі индустрияның дамуынан шетте қалып, қысқамерзімді жобаларға бағдарланады.

Мұндай жағдайда ұлттық экономиканы тұрақтандыру факторларының бірі ұлттық компаниялар мен мемлекеттік үлесі бар акционерлік қоғамдар саны қысқартыла бастайды, сонымен бірге, стратегиялық және қоғамдық маңызы бар кәсіпорындар жеке меншік иелікте болады.

Ұлттық компаниялар мен мемлекеттік үлесі бар акционерлік қоғамдар қызметінің өзектілігі Қазақстанның әлемдік экономикалық қоғамдастыққа тең құқылы әріптестік негізінде енуінің маңызда фактор ретінде қарастырылуында болып табылады.

Ұлттық компаниялар тек табыс табу мақсатымен ғана емес, сонымен қатар, қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыру міндетімен мемлекеттің шаруашылық қызметін белсенді жүргізу үшін құрылады. Ұлттық компанияларды мемлекет экономикасының дамуына қажетті тауарлар мен қызметтерді өндіретін коммерциялық және коммерциялық емес мемлекеттік кәсіпорындар ретінде қарастыруға болады.


Өтпелі экономикада мемлекеттік реттеудің объектілері ең алдымен экономиканы тұрақтандыру саясаты немесе циклге қарсы саясат, ақша айналымына, инфляцияға, мемлекеттік бюджет балансын бақылау, халықты жұмыспен қамту саясаты, монополияға қарсы саясат, яғни нарықтық бәсеке жағдайына бақылау, халықты әлеуметтік қорғау саясаты болып табылады.

Ұлттық компаниялар қызметін реттеуде мемлекетке мынадай негізгі функциялар жүктеледі (Сурет 1):

1. Құқықтық негізді жасақтау. Мемлекет меншік құнын анықтайтын, компаниялар қызметін реттейтін өнімнің сапасын қамтамасыз ететін заңдар жасақтап қабылдайды. Мемлекет құқықтар негіздер көмегімен субъектілердің қарым-қатынастарын реттейді.

2. Экономиканы тұрақтандыру, яғни экономиканы тұрақты дамыту. Ол үшін макроэкономикалық оптималды көрсеткіштерге жету керек және мемлекет қолда барлық құралдар мен әдістемелерді фискалдық, қаржы – кредит, ғылыми-техникалық және инвестициялық саясат арқылы жүзеге асырылады.

3. Бәсекелестікті қорғау. Нарықтық экономика жағдайында бәсекелестік – негізгі реттеу инструменті. Бәсекелестік - барлық экономика сферасында прогрестің негізі, ол тауар өндірушілерді ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізіп, өнім сапасын арттыруға, өнімнің өзіндік құнын төмендетуге ынталандырады [3].



Сурет 1. Ұлттық компаниялар қызметін реттеудегі мемлекет функциялары
Ескерту – Мәліметтер [3] негізінде авторлармен құрастырылды

Сонымен, ұлттық компаниялардың негізгі экономикалық тапсырмасы қоғамда экономикалық дамудың тұрақталынуы және осы бағытта қосымшалық қолдау болып табылады. Мемлекеттік экономикалық саясатта ұлттық компанияларды дамудың басты құралы ретінде қолданып, жеке сектордың бәсекелестігінің арқасында мемлекеттік кәсіпкерліктің рентабельділігін қамтамасыз етіп, қаржылық нәтижелерді қамтамасыз етуге болады. Мемлекеттің экономикаға әсер етуі мемлекеттік кәсіпкерліктің басты құралы болып табылады. Әсіресе, ол экономикалық дағдарыс кезінде айқын байқалады.

Бүгінгі таңда ұлттық компаниялар қызметін реттеуде негізінен Мемлекеттік мүлік туралы, Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы, Акционерлік қоғамдар туралы, Бәсекелестік туралы Қазақстан Республикасының заңдары және жекелей әр компанияның қызмет ету саласына байланысты өзге де заңдар қолданылады (Сурет 2).


Мемлекеттің функцияларын жүзеге асыру үшін маңызды шарттарының бірі мемлекеттік активтерді басқаруда тиімді саясатты әзірлеу болып табылады. Соңғы жылдары осы салада елеулі өзгерістер болды. Атап айтқанда, жаңа институттарын құрылды: әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар, ұлттық холдингтер, ұлттық басқарушы холдингтер.

Қазіргі уақытта республиканың әлеуметтік-экономикалық даму келешегін ескере отырып, мемлекеттің бұл процеске қатысу көлемі мен рөлін, өндіріске әсер ету тәсілдері мен деңгейін, заң үстемдігіне негізделген оңтайлы және тиімді мүліктік қатынастарды қалыптастыру ауқымын ескеру маңызды болып табылады.

Саяси көшбасшылар басқарушыларды жауапкершілікке тарту немесе босату арқылы өз басымдықтарын өзгертуге және бағдарламаларды іске асыру

кезеңінде өзгертулерге дайын болуы керек. Ұлттық компаниялардың тиімділігін арттыру үшін сыртқы басқаруды енгізу тиімді болып табылады. Тиімді басқару жүйесі адам дамуы үшін қажетті алғышарттар жасау қажет. Мемлекет өз азаматтарының әл-ауқаты үшін жауапты болуы тиіс.

Жүргізілген зерттеулерге байланысты қазақстандық ұлттық компаниялардың келесідей әлсіз тұстары анықталды: әлсіз инновациялық мәдениет, тәуекелдің жоғары деңгейі, қолда бар технологиялардың жетілмеуі, жоғары білікті мамандардың жетіспеуі, ғылым мен өндіріс арасындағы қалыптасқан ажырау (Кесте 1).



Сурет 2. Қазақстан Республикасы ұлттық компаниялар қызметін реттеуші негізгі заңнамалық база

Ескерту – авторлармен құрастырылды

Атлаған бірінші мәселені шешу үшін ұлттық өндірісті дамыту мақсатында белгілеген бағытты қолдану ұсынылады, яғни отандық зерттеуші-новаторларды ынталандыру мақсатында жүйелі түрде үздік инновациялық жоба идеясына конкурс ұйымдастыру, кейін инновациялық ұсынысты тиісті қаржыландыру органына бағыттап, ғылыми-зерттеу тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу; мүмкін болса, шетелдік тәжірибелі үлгіні пайдаланып, өнімді жетілдіру, сол арқылы өндіріске шығарып, тұтынушы нарығына шығару.

Мемлекет экономикасының тұрақты даму тіректерінің бірі – шағын және орта бизнес субъектілері. Тәуекелдің, шығынның мүмкін болатын жоғары деңгейінен сақтандыру үшін ұлттық компанияларға аталған кәсіпкерлік субъектілерін қолдау ұсынылады.

Көптеген ұлттық компаниялардың басты кемшіліктерінің бірі – қолданыстағы технологиялардың ескіруі, ұзақ уақыт жаңартылмауы, соның нәтижесіндегі еңбек қауіпсіздігі деңгейінің және өндіріс көлемінің төмендігі

орын алады. Бұл мәселені шешуде отандық өндірісті қолдап, төмен шығындар есебінен ұлттық өндіріс құралдарын сатып алу қажет.

Кесте 1

Қазақстандық ұлттық компаниялардың әлсіз тұстары мен оны дамыту бағыттары

Мәселе	Бағыттар
Әлсіз инновациялық мәдениет	Идея - инновациялық ұсыныс - ҒЗТҚЖ – тәжірибелі үлгі – өндіріс - нарық
Тәуекел	ҚР ұлттық компаниялардың шағын және орта бизнесті қолдауын күшейту
Қолда бар технологиялардың жетілмеуі	ҒЗТҚЖ есебінен еңбек өнімділігін жоғарылату
Жоғары білікті мамандардың жетіспеуі	Жас ғалымдарды ынталандыруды жоғарылату
Ғылым мен өндіріс арасында қалыптасқан ажырау	Интеграциялық процесстер есебінен қазақстандық компаниялардың экспорттық қызметін қолдау
Ақпарат көзі: авторлармен құрастырылды	

Ұлттық компаниялардың қызметін және мемлекеттік активтерді басқарудың барлық жүйесін жетілдіру мемлекеттің экономикалық дамуының артып келе жатқан қажеттіліктеріне, сондай-ақ Қазақстанның келешекке тұрақтылығын анықтайтын факторларына сәйкес келеді. Сонымен, ұлттық компаниялар еліміздің экономикасына қан жүгіртіп отырған басты қаржылық құрылымдар. Олар ел экономикасының жақсаруына, сондай-ақ тұтынушыларының қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға қызмет етулері қажет. Ал билік жүйелі, толыққанды жұмыс істейтін, тиімді, әрі ашық құрылымдарды жасақтауға барша жағдай жасау керек.

Әдебиеттер

1 Мемлекеттік мүлік туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заңы

2 Рахимжанов Р. Т. Совершенствование системы финансового менеджмента Национальных компаний в Казахстане : автореф. дис. ... канд. экон. наук. - Караганды, 2010. с. 24 - 25.

3 Проблемы правового регулирования государственного предпринимательства: учебное пособие/ Дойников И.В. - М: ПроСофт, 2013.

4 Ахмадуев А. Государственные предприятия: типы и механизм функционирования.// Вопросы экономики. - 2011. № 8 с.17-18.

5 «Самұрық-Қазына» АҚ 2012-2022 жылдарға арналған даму стратегиясы [Электрондық ресурс]: – Кіру тәртібі: <http://sk.kz/page/strategija?lang=kz>